

Семей мемлекеттік Медициналық университеті  
Неврология және психология кафедрасы

Тақырып: Коммуникация нысаналары

Тексерген: Рахыпбеков Т.К  
Орындаған: Рысбекова Д.С  
Сд-101

## Жоспары:

- Кіріспе
- «Коммуникация» туралы жалпы түсінік
- Негізгі бөлім
- Коммуникация және оның мақсаттары мен міндеттері, қолданылу аясы.
- Әлеуметтік коммуникация
- Мәдени коммуникация
- Саяси коммуникация
- Бұқаралық-ақпараттық коммуникация
- Интеграцияланған маркетингтік коммуникация

- . Қарым-қатынас және коммуникация. Коммуникация өзара түсіністікке әкелетін, ақпараттың екіжақты алмасу процесі ретінде. Коммуникациялық процесс – алынатын және берілетін ақпарат ұғынықтылығын қамтамасыз ету мақсатындағы адамдар арасындағы ақпараттың алмасуы. Нәтижелі коммуникация және коммуникативтік біліктілік түсінігі. Коммуникацияның негізгі функциялары: ақпараттық, интерактивті, перцептивті, экспрессивті.
- Коммуникацияны қамтамасыз ету тәсілдері (тындау, сөйлеу, оқу, хат). Тындау формалары, техникалары және қателіктері. Сөйлеу (сөйлеу әлпеті, сыртқы тұрпаты, әрекеттесі мінезі).
- Коммуникация құрылымы (беруші/алушы, жекеменшік жағдай, біліктілік, ниеттері, бағалау). Коммуникация деңгейлері – іскерлік деңгей, көрініс деңгейі, апелляция деңгейі және қарым-қатынас деңгейі. Қарым-қатынас кезеңдері: контакт орнату; сұрақты, мәселені талқылау; шешім қабылдау; контактіден шығу.
- Қарым-қатынас барлық тірі-тіршілік иелеріне тән қасиет, бірақ, адамдар арасында өте жоғары дәрежедегі мәнге ие. Қарым-қатынас дегеніміз – байланыс жасау барысында өзара алмасатын мәліметтердің сипаты.
- Қарым-қатынастың негізгі функциялары:

- Нақты қарым-қатынас кезінде барлық функциялар бір-бірімен байланысады. Қарым-қатынас кез-келген жағдайда бір-біріне әсер ету процесі. Бұл әсер ету үлкен және кіші, жасырын және тура, он және теріс болуы мүмкін. Оның күші тұлғаның рухани байлығына және адамның дербес қасиетіне байланысты.
- Қарым-қатынастың келесі түрлері ажыратылады:
- Коммуниканттардың кеңістік пен уақыттағы орналасуына байланысты – контактілі-дистантты;
- Жанамалық «аппараттың» бар-жоқтығына байланысты – жалғамсыз-жанамалық; Тілдің бар-жоқтығы көзқарасынан – ауышза-хат түрінде;
- Мен – сөйлеуші және сен – тындаушы позициясының хаттық және тұрақты көзқарасынан – диалогті-монологті;
- Қатысушы санына байланысты – өзара-топтық-бұқаралық;
- Қарым-қатынасушылардың қоршаған жағдайына байланысты – дербес-ресми;
- Әлеуметтік тепе-теңдіктің сақталуы немесе бұзылуы кезіндегі қарым-қатынас және бағалауына байланысты – кооперативті-жанжалды;

-

- **Басқарудағы коммуникацияның ролі және оның түрлері**

- Коммуникация дегеніміз қарым-қатынас, екі және одан да көп адамдардың өзара түсінісуге негізделген байланысы: бір бірінен ақпарат, мәліметтер алмасуы.
- Басшы өзінің көпшілік уақытын мәліметтер алу және шешім қабылдау үшін, біреулермен байланысуға, қарым-қатынас орнатуға арнайды. Басқарудың жоспарлау, ұйымдастыру мотивация және бақылау қызметтерін орындау да қарым-қатынас орнатуға байланысты. Коммуникация – басшылық етудің байланыстырушы процесі болып саналады.
- Коммуникативті мәдениет негізінде қарым-қатынастын адамгершілік талаптары жатыр: сыпайылық, орнықтылық, әдептілік, кішіпейілдік, нақтылық, елгезектік.
- Сөйлеудің келесі қызметті оның — коммуникативті қызметі ол өзі мәнерлі бейнелеудің құралдарын қамтиды. Мәнерлі бейнелеу қызметі өздігінен сөйлеуді анықтай алмайды. Сөзді мәнерлі бейнелеу құралы ретінде ым, ишарат, әртүрлі бет қимылы деп танылады, басқалармен қатар мәнерлі бейнелеу қозғалыстарына кіреді. Дыбыс мәнерлі қозғалыс ретінде жануарларда да болады. Сөз мәнерлі бейнелеу құралы болумен қатар, ықпал ету құралы болып табылады. Ықпал ету қызметі — сөздің негізгі қызметінің бірі. Адам сөйлегенде басқа адамның мінез-құлқына, ойлауы мен сезіміне, санасына әсер етеді. Сөздің әлеуметтік мәні бар, ол — қатынас құралы, ықпал ету құралы болғандықтан, ең алдымен осы қызметті атқарады.

Америкалық әлеуметтану саласының негізін салушылардың бірі Чарльз Кули коммуникация – механизм арқылы адамдардың өзара қарым-қатынастарының дамуы деп тұжырымдайды. Оған – сөз, жазу өнері, телеграф, телефон, темір жол, адамдардың қарым-қатынасы т.б жатады. Коммуникацияда адамдардың өзара қарым-қатынасы мен бір-бірімен ақпарат алмасуы жүзеге асырылады. Ол хабар, хабарлау, өзара әрекет, қоғамдағы ақпарат алмасу және байланыс құралы. XX ғасырдың 1940-1950 жылдары коммуникацияның 2 түрі болды:

- Рационалистік (технологиялық концепция детерменизміне құралады)
- Иррационалистік (адамдардың бір-бірімен өзара түсінігіне құралады)

Ал қазіргі таңда «коммуникация» терминінің 3 басты интерпретациясы бар.

- Коммуникация – байланыс құралы (белгілі бір структура)
- Коммуникация – тілдесу, қатынасу құралы (адамдардың бір-бірімен өзара әрекеті мен ақпарат алмасуы)
- Коммуникация - ақпарат алмасу құралы (қоғамдық санаға әсер ету мақсатымен)

- Коммуникацияның даму тарихы 4 коммуникациялық революциядан өтті:
- Сөздің пайда болуы;
- Жазу-сызуды үйрену;
- Баспа станогының жасалуы;
- Электронды БАҚ құралдарының пайда болуы;
- 4/Коммуникация дегеніміз - жүйе арқылы ақпарат алмасу үдерісі. Бұқаралық коммуникация тарихы қалыптасқан ақпаратты жасау, сақтау, тарату үдерісі және әлуметтік субъект пен объектілер арқылы ақпарат алмасу болып жүктеледі. Субъект – коммуникатор, объект – коммуникант болады. Коммуникация болу үшін 3 талап керек:
- Коммуникант (жіберуші субъект)
- Объект (жеткізуші)
- Реципиент (қабылдап алушы)

- Коммуникацияның даму тарихы 4 коммуникациялық революциядан өтті:
- Сөздің пайда болуы;
- Жазу-сызуды үйрену;
- Баспа станогының жасалуы;
- Электронды БАҚ құралдарының пайда болуы;
- 4/Коммуникация дегеніміз - жүйе арқылы ақпарат алмасу үдерісі. Бұқаралық коммуникация тарихы қалыптасқан ақпаратты жасау, сақтау, тарату үдерісі және әлуметтік субъект пен объектілер арқылы ақпарат алмасу болып жүктеледі. Субъект – коммуникатор, объект – коммуникант болады. Коммуникация болу үшін 3 талап керек:
- Коммуникант (жіберуші субъект)
- Объект (жеткізуші)
- Реципиент (қабылдап алушы)